ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

«ОРАЗ АХУН»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

120500, Жосалы, Ораз ахун, №44

КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
«ОРАЗ АХУН»

120500, Жосалы, Ораз ахун, №44

« 17 » наурыз 2025 жыл №01-1/3

Шығыс Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, Комиссия төрағасы Әділбеков Айдос Әділбекұлына

«Жасыл Ел» жастар еңбек отрядтарының республикалық штабы» жеке меншік мекемесінің Шығыс Қазақстан облыстық филиалының сатып алу қорытындысына шағымына

ҚАРСЫ ПІКІР

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының (әрі қарай – Қағида) 463 тармағына сәйкес, Конкурстық комиссия барлық өлшемшарттар бойынша қойған баллдарды веб-портал автоматты түрде жинақтайды, оның нәтижелері бойынша әлеуетті өнім берушіге оның техникалық ерекшелігінің баллдармен көрсетілген қорытынды бағасы қойылады.

Қағиданың 467 тармағына сәйкес, конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманың және олардың конкурсқа қатысу өтінімдерін бағалаудың талаптарына сәйкестігі мәнін қарастыру нәтижелері бойынша конкурстық ұсыныстардың мынадай шартты азайтулары қолданылады:

1) егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімдерінің қорытынды бағасы 12-ден 17 балды қоса алғанға дейін құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 10% азаяды;

2) егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімдерінің қорытынды бағасы 18-ден 23 балды қоса алғанға дейін құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 20% азаяды;

3) егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімдерінің қорытынды бағасы 24-тен 28 балды қоса алғанға дейін құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 30% азаяды.

Қағиданың 470, 471 тармақтарына сәйкес, веб-портал конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларын автоматты түрде салыстырады және ең төменгі шартты баға негізінде конкурс жеңімпазын айқындайды.

Конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі көп конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Қағиданың 21-қосымшасына Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау өлшемшарттары бойынша баллдар қойылу талабы белгіленген.

Қағиданың 21-қосымшасының ескертпесіне сәйкес, Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады.

***Білімі туралы дипломдар, тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар мамандардың біліктілігін растайтын құжаттар болып танылады.*

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі мамандардың еңбек өтілін растайтын құжат болып табылады.

Яғни, 14.03.2025 жылғы № 14514750 конкурс қорытындылары туралы хаттамасына сәйкес, № 76292261-ГСЗ2 лоты бойынша конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші «Ораз ахун» қоғамдық қорының конкурстық өтініміне төмендегідей бағалау критерии бойынша өлшемшартына шартты жеңілдіктер есептелінген:

*- Әлеуетті жеткізуші ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігі **– 6 балл**;*

*- Әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңның 5-бабында көзделген бағыттарға сәйкестігі **– 2 балл**;*

*- Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер **– 2 балл**;*

*- Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы **– 5 балл**;*

*- Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса - тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі – **0 балл**;*

*- Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген) – **0 балл**;*

ЖАЛПЫ – 15 БАЛЛ БЕЛГІЛЕНГЕН.

Конкурстық комиссия тарапынан **әлеуетті өнім беруші «Ораз ахун» қоғамдық қорының конкурстық өтінімі** *«Әлеуетті жеткізуші ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына сәйкестігі»* бағалау өлшемшартына сәйкес деп танылып, **шартты жеңілдік**

бойынша 6 (алты) балл берілуі негізді болып табылады. Себебі **«Ораз ахун» қоғамдық қоры ұсынған жоба тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының барлық талаптарын толық қамтиды.**

«Жасыл Ел» жастар еңбек отрядтарының республикалық штабы» жеке меншік мекемесінің Шығыс Қазақстан облыстық филиалының сатып алу қорытындысына берген шағымы негізсіз.

Біріншіден, Конкурстық құжаттаманың **21-қосымшасына сәйкес, жобаның екі немесе одан да көп мақсаты болуы міндеттелмеген.** Осыған байланысты, **«Ораз ахун» қоғамдық қоры ұсынған жоба конкурстық талаптарға толық сәйкес келеді.** Құжатта:

➡ **«Цель проекта: формирование молодежных трудовых отрядов с охватом не менее 1000 (тысч.) молодых людей с возможностью трудоустройства, путем содействия в трудоустройстве на временную, сезонную работу по очистке, благоустройству, озеленению территории Восточно-Казахстанская область.»**

деп көрсетілген. **Бұл жоба мақсаты Конкурстық құжаттаманың талаптарына толық сәйкес келеді.**

Екіншіден, тапсырыс беруші бекіткен талаптарды көшіріп алды деген шағым негізсіз. Себебі кез келген әлеуетті өнім беруші **өз жобасын конкурстық талаптарға сай әзірлеуге міндетті.** Тапсырыс беруші жобаға қатысты нақты техникалық сипаттамаларды белгілегендіктен, **әлеуетті өнім берушінің осы талаптарды басшылыққа алып, жоба әзірлеуі – заңды және қажетті қадам.**

Үшіншіден, «іс-шаралардың формасы көрсетілмеген» деген шағым негізсіз. **«Ораз ахун» қоғамдық қоры ұсынған егжей-тегжейлі жоспарға сәйкес, іс-шаралардың атауы мен формасы бір кестеге біріктіріліп жазылған.** Бұл тәсіл **Конкурстық құжаттаманың 21-қосымшасының талаптарына толықтай сай келеді.**

Төртіншіден, ***«3. Әлеуетті өнім беруші қызметтері мақсаттарының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келуі _____. (мақсаттар саны 7-ден көп болмауы тиіс) 4. Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға жету жөніндегі егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары (іс-шаралардың атауы мен нысаны, өткізу орны мен мерзімдері, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі (бар болған жағдайда). 5. Әлеуетті өнім берушінің «Үкіметтік емес ұйымдардың деректер базасында» болуы туралы мәліметтер. 6. Әлеуетті өнім берушінің (сатып алынатын қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар көрсетілген қызметтер актілері мен счет-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады) _____ (жыл) жұмыс тәжірибесінің болуы, соның ішінде: - әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында (бар болған жағдайда): _____ (жыл) - қызметтер көрсету нарығында (бар болған жағдайда): _____ (жыл) 7. Үкіметтік емес ұйымның сәйкес өңірдегі жұмыс тәжірибесі (көрсетілген қызметтер актілері мен счет-фактураларының электрондық көшірмелері, сондай-ақ Тапсырыс берушілердің ресми хаттары сатып алынатын қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар***

болып табылады): _____ (жыл)» бөліктерін толтырмады деген шағымы негізсіз.

Себебі, аталмыш бағалау өлшемшартына сәйкес, **тапсырыс беруші өнім беруші ұсынған 12-қосымшаға және құрылтай құжаттарына сүйене отырып, шартты жеңілдікті айқындайды,** ал бұл құжаттар толық көлемде ұсынылған.

Осыған байланысты, **«Жасыл Ел» жастар еңбек отрядтарының республикалық штабы» жеке меншік мекемесінің Шығыс Қазақстан облыстық филиалының** шағымында көрсетілген уәждер негізсіз деп танылып, **сатып алу қорытындысы өзгеріссіз қалдырылуы тиіс**.

Егер біздің дәлелді уәждеріміз қанағаттандырылмаған жағдайда, **біз бұл шешімге заң аясында қарсы шығып, сот тәртібімен шағымданатын боламыз**. Бұл өз кезегінде **мемлекеттік сатып алудың ашықтығын қамтамасыз ету, әділдік принципін сақтау және барлық қатысушылардың тең құқықтарын қорғау мақсатында жүзеге асырылады**.

Төраға **А. Нұрмағанбетова**